

Қазақ тілі (B2 деңгейі) 2-семестр. 2-сабақ. Екінші бөлім.

Лексикалық тақырып: Білімді ұрпақ – ел ертеңі.

Грамматикалық тақырып: Модаль сөздердің жіктелуі, септелуі.

Модаль сөздер мен модальды тіркестердің жасалу жолдары:

Таза («собственно») модальды және есім модальды сөздердің, сондай – ақ модальды тіркестердің тәуелді формада тұрақтап, қалыпты орнығуы арқылы: (қысқасы, ыңғайы). Бұл – қазақ тіліндегі, басқа да біраз түркі тілдеріндегі модаль сөздердің жасалуының неғұрлым өнімдірек жолы.

Кейбір үстеулер мен үстеу мәнінде қолданылатын зат есімдердің заттық мәнінен айрылу және пысықтауыштық функциясын жоғалту нәтижесінде: (- *Ол мәселе туралы, шын, ештеңе білмеймін; (газеттен) - Рас, Ділдані Абай сүйіп қайтқан жоқ. (М.Әуезов)*).

Предикаттық функциясынан айрылған бағыныңқы сөйлемнің баяндауышынан: (*Үйдің іші сасық. Әйнексымақ бір күңгірт тесік көрінеді (Ж.Аймауытов). – Бәрін бүлдіріп жүрген Кәрібайдың өзі көрінеді (М.Әуезов)*).

Қазақ тілінде *дейді, деседі, білем*, тағы кейбір модаль сөздер де осы жолмен жасалған.

Модаль тіркестің бір компонентінің түсіп қалуы арқылы: (*Жеті қабат жер астындағы нәрсені білуді мүмкін (М.Жұмабаев). – Мүмкін, губернатор келген күні шуламаңдар деп тиып қоюы (С.Мұқанов)*).

Сияқты, сықылды, секілді, тәрізді, тақылетті, рәуішті, іспетті, әлпетті модаль сөздері «бет, бейне, пішім, порым, түр» мағынасын білдіретін түбірлерден жасалған.

Балки, бәлкі, бәлкім, әлбетте, зайыры, нәті (нәйәті), лазым (ләзім), ықтимал, мүмкін, рас (т), тағы біраз сөз «дайын күйінде» араб, парсы тілдерінен ауысқан.

Модаль сөз, сөйлемнің мазмұнына сөйлеушінің көзқарасын білдіреді. Грамматикада модаль сөз бөлек қарастырылғанымен, қазіргі функционалды семантикада модальдылықты білдірудің бір құралы саналады. Олар дербес сөз табы болмайды, модальдылық етістік райлары, қыстырма сөздер, демеулік шылаулар арқылы көрінеді.

Модаль сөз тұлғалық құрылымына қарай есімді (керек, қажет, тиіс, сияқты, сықылды, тәрізді, секілді, бар, жоқ, т.б.) және етістікті (екен, шығар, болар, дейді, көрінеді, білем, т.б.) болып бөлінеді. Модаль сөздің модальдылық мәні әр түрлі. Кейбір сөздердің лексикалық мағынасының өзі модальды болады, ал білем, көрінеді, сияқты сөздері негізгі мағынамен қатар модальдылықты де білдіреді. Мысалы: “Өрістегі мал осы жерден жақсы көрінеді. Мен оны беске білем” деген сөйлемдерде көрінеді, білем сөздері тура мағынасында тұрса, “Астық биыл мол көрінеді. Үйіне жетті білем” дегенде модаль сөз қызметінде жұмсалған.

Модальдылық өрістер қатарына мүмкіндік, қажеттілік, қалаулық, болжалдық, міндеттілік, бұйрықтық мағыналар жатқызылады. Сөйлемде модаль сөз келер шақ баяндауышының құрамында кездеседі, қыстырма сөздер қызметінде де қолданылады.

Тапсырма. Төменде берілген үлгі бойынша, сөйлеушінің сөйлемде айтылған ойға нық сенімін білдіретін және қалау мәнді модаль сөздерге бірнеше мысалдар келтіріп жазыңыз.

Семантикалық сипаты жағынан модаль сөздердің топтары	Модаль сөздер	Мысалдар
1. «Болжал мәнді» модаль сөздер	мүмкін, шамасы, әлпеті, жобасы, бәлкі, ықтимал т. б.	Мүмкін, екеуіміздің ойымызда жалғыз-ақ адам шығар. (О. Бөкей)

Тапсырма. Төменде берілген кесте бойынша бірнеше сөйлемдер құрастырып жазыңыз.

Модаль сөздердің қолданылу ерекшеліктеріне қарай топтары	Модаль сөздер
1. Қыстырма мүше қызметінде қолданылатын модаль сөздер	рас, мүмкін, әрине, шындығында, шамасы т. б
2. Тек баяндауыштың шылауында көмекші мүше қызметінде жұмсалатын модаль сөздер	керек,.....
3. Сөйлемде әрі қыстырма сөз ретінде, әрі қимыл есімді баяндауыш қызметіндегі модаль сөздер	мүмкін (мысалдармен дәлелдеу)

Жазылым. Жаттығу жұмысы.

1-тапсырма. Модаль сөздердің жіктелуі мен септелуіне мысалдар келтіріп жазыңыз.

2-тапсырма. Берілген сөз тіркестерімен сөйлемдер құрастырыңыз:

Кішкентай сияқты, үлкен секілді.

3-тапсырма. Төменде берілген қалау райдың жұрнақтарымен сөйлемдер құрастырыңыз.

а) етістік + (-ғы, -гі, -қы, -кі) + тәуелдік жалғауы + «кел» етістігі:

б) -са, -се игі еді: барса игі еді, келсе игі еді.

4-тапсырма.

«Менің білімім – менің байлығым» тақырыбында эссе жазыңыз.

Айтылым.

Мәтін бойынша жазған сөздік жұмысын айтыңыз.

Мәтіннің қысқаша мазмұнын айтыңыз.

Білім туралы пікіріңізді айтыңыз (орта білім, жоғары білім, т.б.).

Тыңдалым. Тілді дамыту.

Бұқаралық ақпарат құралдарынан «Білімді ұрпақ» тақырыбына арналған бейне жазбаларды қарап тыңдаңыз.

2-сабақ аяқталды.